

## **Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ереже «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Президентіне жеке тұлғаны тәрбиелеуге, оқытуға және кәсіби қалыптастыруға елеулі үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді.

3. Жоғары оқу орнының ерекше мәртебесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, білім беру мазмұнын дербес айқындау, ғылыми және білім беру қызметін ұйымдастыру құқығын беретін білім беру ұйымының жұмыс істеуінің ерекше режимі.

4. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының ректорлары заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

### **2. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының өкілеттігі**

5. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны өз бетінше:

1) бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау қағидаларын айқындайды;

3) профессор-оқытушылар құрамына білім алушылардың арақатынасын «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 52-бабының 8-тармағында белгіленген нормалар шегінде белгілейді;

4) педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын белгілейді;

5) білім беру қызметтерін көрсету шартының нысанын бекітеді;

6) өз бетінше әзірлеген оқу жүктемесінің нормалары, еңбекке ақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің негізінде білім беру қызметін жүзеге асырады;

7) жоғары оқу орындарына қабылдау тәртібін айқындайды;

8) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды береді;

9) құрылымды және штатты айқындайды.

### **3. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының жұмысын ұйымдастыру**

6. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орны:

1) ғылыми-педагогикалық әлеуетті, оқу-материалдық базаны және инновациялық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың негізінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тұрақты жоғары деңгейіне кепілдік береді;

2) жоғары оқу орнының әрбір білім алушысының, оқытушысының және қызметкерінің жеке басының білім, рухани, мәдени және зияткерлік дамуы үшін барынша жағдайлармен қамтамасыз етеді;

3) оқу-әдістемелік базаны дамытуға, ғылыми қызметтің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталған ғылыми, білім беру және өзге де көрсетілетін қызметтерден түсетін қаражат пен кірістерді тиімді пайдалануды жүзеге асырады;

4) әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде білім берудің, ғылымның, техника мен технологиялардың дамуына жүйелі түрде мониторинг жүргізеді әрі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне енгізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

### **4. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарын қаржыландыру**

7. Арттыру коэффициенті заңнамада айқындалатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын қоспағанда, ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының және басшы қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысы лауазымдық айлықақының белгіленген мөлшерлеріне 1,75 арттыру коэффициентін есепке ала отырып айқындалады.

8. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының профессор-оқытушылар құрамының және басшы қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары лауазымдық айлықақының белгіленген мөлшерлеріне 1,5-ке дейін арттыру коэффициентін қолдана отырып айқындалады.

Лауазымдық айлықақыға арттыру коэффициентінің нақты мөлшері лауазым санаттарына қарай сараланып белгіленеді және оны Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры бекітеді.

---